

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті»
РММ Ғылыми кеңесінің отырысынан
БЕКІТІЛДІ
« 17 » сәуір 2026 ж. А. А. Хамматов
Ғылыми кеңестің төрағасы



**6B02176 «ҚУЫРШАҚ ТЕАТР АРТИСІ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ**

✓ БАКАЛАВРИАТ

Кафедра атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Топ	Мектептен н/е колледжден кейін қабылдау	Даярлық топ	Шекті балл
«Музыкалық драма және қуыршақ театр өнері»	6B02176 «Қуыршақ театр артисі»	Қазақ топ	Жалпы орта н/е кәсіптік мектеп және колледж	Жоқ	85 грант және ақылы

• **6B02176 «ҚУЫРШАҚ ТЕАТР АРТИСІ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ:**

• **Мамандандырылу бойынша емтихан талабы:**

«Қуыршақ театр артисі» білім беру бағдарламасы бойынша жоғары оқу орнына құжат тапсырғысы келетін талапкерлердің орта немесе арнайы орта (**актерлық өнер, жеке ән салу, мамандықтары бойынша кәсіби колледж**) білімі болуы қүпталады. Талапкерлер өзінің өнерге деген дарыны мен қабілетін, табиғи шығармашылық қарым-қабілетін, өлшем-ырғақты қабылдау мүмкіндігін, бейнелі ойлау, интеллектуалдық деңгейі мен дүниетанымын, көркемдік талғамын, жігер-қайратын, дене сымбаттылығын көрсете білуі шарт.

Талапкердің сахналық кескін-келбеті болуы керек. Денсаулығы қуатты физикалық жағынан және ән салу, сөз сөйлеу мәнері тұрғысынан кемшіліктер болмауы тиіс. Дикциясы анық, дыбыстарды таза айта алатын, тістерінің дұрыс орналасуы, әншілік диапазоны кең, дауыс бояуы құлаққа жағымды және қуатты, дене қимыл әрекеттері өте икемді, қиялдау ой жүйесі ширақ болуы керек.

Талапкер құжаттарды тапсыру үшін алдымен арнайы маманның кеңесінен өтіп рұқсатнама (*допуск*) алуы керек.

БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН - «АКТЕР ШЕБЕРЛІГІ»

Талапкер әр түрлі жанрдағы әдеби шығармалардан үзінділерді тек мемлекеттік тілде жатқа оқуы керек

• **Проза** – Қазақ немесе әлемдік жазушылардың қазақ тіліне аударылған роман, повестьтерінен үзінді - қара сөз;

• **Поэзия** – Қазақ немесе әлемдік акындардың қазақ тіліне аударылған өлеңдерін оқу;

• **Мысал өлең** – А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров, И.Крылов, А.Токмағамбетов және т.б орыс, батыс еуропа, шығыс акындарының қазақ тіліне аударылған мысал, қосымша сықақ өлеңдерін оқу;

• **Би** – Әлем халықтарының билері, вальс, спорттық т.б. би түрлерінен және акробатика;

1. **Жеке ән** – (*халық әндері мен Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Естай, Майра, Нартай, Мұхит т, б халық композиторлары және қазақстан композиторларының әндерін орындау*) сонымен қоса заманауи әндер орындау

2. **Актерлік этюд** – (*құстар мен жан-жануарлар әлемі, жансыз заттарды тірілту, адам өмірінен үзінді*) шынайы сенімді орындау. Талапкерге қимыл координациясын, музыкалық ырғақты, оқыс құбылыстарға сай әрекет жасау (реакция), зейін мен зердесін тексеруге арналған жаттығулар беріледі. Ұсынылған шартты жағдайға байланысты

45-50	Талапкер емтихан бағдарламасын толық, сапалы, талапқа сай сенімді, шынайы және өте жоғары деңгейде көрсете білген талапкерге қойылады;	45-50	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтарға өте жоғары деңгейде толықтай жауап бере алса
40-44	Талапкер емтихан талаптарын актерлық этюдтарды сенімді, шынайы деңгейде орындаса. Мысал өлеңдердегі кейіпкерлердің мінез құлықтарына назар аудармаса	40-44	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтарға толықтай жауап бере алса, өзінің интеллектуалдық деңгейін дүниетанымы мен эстетикалық талғамы көрсете білсе
35-39	Талапкер оқыған шығармасындағы автор ойын толық жеткізе алмаса, орындаған актерлік этюдтары сенімді әрі шынайы болса, би қыймыл әрекеттері музыка ырғағына бағынатын болса, орындалған әндер мен ариялар кең тынысты қуатты үнмен орындалса	35-39	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтардың 80% толықтай жауап бере алса, сондай ақ қосымша қойылған сұрақтарға кең көлемде жауап берсе
30-34	Талапкер оқыған шығармасының көркемдік ой жүйесін жеткізе алмаса, орындаған актерлік этюдтары сенімді әрі шынайы болса, би қыймыл әрекеттері музыка ырғағына бағынатын болса, әндер мен ариялар орындау барысында қобалжулар болса	30-34	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтар мен қосымша қойылған сұрақтарға қанағаттанарлық деңгейде жауап бере алса. Емтихан тапсырып отырған саласы бойынша интеллектуалдық білім деңгейін толықтай көрсете алмаса
25-29	Талапкердің бой ұзындығы талапқа сай болмаса, оқыған шығармасының көркемдік ой жүйесін жеткізе алмаса, шығарманы оқу барысында жаңылулар болса, орындаған актерлік этюдтарында қобалжулар болса, би қыймыл әрекеттері музыка ырғағына бағынатын болса, ән,	25-29	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтар мен қосымша қойылған сұрақтардың 60% -на орташа деңгейде жауап бере алса. Емтихан тапсырып отырған саласы бойынша интеллектуалдық білім деңгейін толықтай көрсете алмаса

	ария романстарды орындағанда дауыс үні әлсіз болса		
20-24	Талапкердің бой ұзындығы талапқа сай болмаса, тілінде әріптерге деген мүкістігі болса, оқыған шығармасындағы автор ойын толық жеткізе алмаса, актерлық этюдтары сенімсіз орындалса, ән немесе ариялардың орындалуы партитураға сай болмаса, би қозғалыс әрекеттері ритмға бағынбаса	20-24	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтарға 50% -на жауап бере алмаса, және қосымша қойылған сұрақтарға жүйелі кең көлемде жауап бере алса
15-19	Талапкердің бой ұзындығы талапқа сай болмаса, тілінде әріптерге деген мүкістігі болса орындаған актерлік этюдтары шынайы болмаса, оқыған шығармаларын ұмытып немесе сенімсіз оқыса, дауыс күші әлсіз болса, ән ,ария,романстар орындағанда сенімсіз әрі нота дыбыстарын таза орындамаса	15-19	Талапкер емтиханға толық дайындықпен келмесе,билетіндегі көрсетілген сұрақтарға ойы жүйесіз шашыраңқы, жауап берсе, қосымша қойылған сұрақтарға да толық жауап бере алмаса
10-14	Талапкер оқыған шығармаларына, жасаған этюдтарына сенбесе немесе ұмытып қалса, ән,ария, романстар орындағанда сөздерінен жаңылып немесе нота дыбысына таза түспесе,би қыймыл қозғалыс ритміне бағынбаса	10-14	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтарға толықтай жауап бере алмаса. Қосымша қойылған сұрақтарға күмәнді, нақтылай жауап бере алмаса, театр ,өнер саласы бойынша білім деңгейі төмен болса
5-9	Талапкердің емтихан талаптарына сай дайындығы болмаса	5-9	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтарға толықтай жауап бере алмаса. Қосымша қойылған сұрақтарға толық жауап бере алмаса ,театр ,өнер саласы бойынша білім деңгейі дүниетанымы төмен болса
0-4	Емтиханнан өтпейді	0-4	Емтиханнан өтпейді

Шығармашылық емтиханның сұрақтары бойынша: theatrical fka@mail.ru
Оқуға түсудің жалпы мәселелері: Kaznui.priem@gmail.com

Факультет деканы: Биримкулов Ернияз Рыскулович



Кафедра меңгерушісі: Туленбаев Жанкалдыбек Муфтиович.

